



Инфляциялық үрдістер

Мамыр 2021

- Азық-түлік инфляциясының одан әрі баяулауы
- Бензиннің қымбаттауы аясында азық-түлік емес инфляцияның жеделдеуі
- Халық үшін ақылы қызметтер құнының өсуі

2021 жылғы мамырда инфляция 0,7%-ды құрады, жылдық мәнде 7,2%-ға дейін жеделдеді. Инфляция құрылымында әртүрлі бағытты тенденциялар тіркелген: азық-түлік өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағаның өсуінің жоғары айлық мәндерін есептеу арқылы азық-түлік инфляциясының баяулауы және азық-түлік емес және қызмет көрсету компоненттерін жеделдету.


Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсу қарқыны 2021 жылғы сәуірдегі 9,8% - дан мамырда 9,3%-ға дейін баяулады. Азық-түлік инфляциясының құрылымында жеміс-көкөніс өнімдері (5,7%-дан 4,4%-ға дейін), нан-тоқаш өнімдері (9,6%-дан 9,1%-ға дейін), ет және ет өнімдері (7,3%-дан 6,8%-ға дейін) бағасының жылдық өсу қарқынының баяулауы байқалды. Әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағалардың өсу үрдісінің сақталуы жағдайында майлар мен тоң майларға бағалар 25,4%-дан 26,9%-ға дейін, қантқа – 25,6%-дан 29,3%-ға дейін біршама жылдамдады.

1-график. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2-график. Азық-түлік инфляциясы




Азық-түлік емес жылдық инфляция мамырда 6,7%-ға дейін (2021 жылғы сәуірде-6,4%) жеделдеді. Жеделдетудің негізгі факторы бензин құнының қымбаттауы, сондай-ақ киім мен аяқ киім бағасының өсуі болды. Бензиннің қымбаттауы өндірушілер бағасының өсуі нәтижесінде жалғасты. Киім мен аяқ киім бағасының өсуінің жеделдеуі эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына, жаппай вакцинациялауға және вакцинация орталықтары жұмыс істейтін сауда орталықтарының ашылуына, сондай-ақ халықтың нақты кірістерінің өсуіне байланысты сұраныстың біртіндеп қалпына келуі аясында байқалды.

Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 2021 жылғы мамырда реттелетін коммуналдық қызметтер санатында өткен жылдың төмен базасы есебінен кету (2020 жылғы


сәуір – мамырда тарифтер төтенше жағдай режимі жағдайында халықты қолдау шеңберінде төмендетілді), сондай-ақ қоқыс жинау және ағымдағы жылғы сәуірден бастап энергия өндіруші ұйымдар тарифтерінің артуы салдарынан электр энергиясының қымбаттауы нәтижесінде 5,1%-ға дейін (2021 жылғы сәуірде – 4,1%) жеделдеді. Бұдан басқа, көлік қызметтерінің қымбаттауы байқалды, атап айтқанда, қоғамдық көлікте жол жүру және әуе көлігімен жол жүру. Бағаның жылдық өсуінің жеделдеуі қоғамдық тамақтану қызметтеріне (7,8%-дан 8,4%-ға дейін), аурухана қызметтеріне (7,5%-дан 9,1%-ға дейін) байқалды.

3-график. Азық-түлік емес инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Ақылы қызметтер



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ